

Ы, і әріптерінің қолданылуында да біраз қиындықтар бар. Мысалы, олардың сөз ортасында жазылатын не жазылмайтын; кейбір сөздерді тәуелдегенде, түсіп қалатын не түсіп қалмайтын; сөз басында **р, л** дыбыстарынан бұрын жазылатын не жазылмайтын орындарын жете анықтап алу қажет болады.

Сөз ортасында не соңында келген екі дауыссыздың арасына қысаң **ы, і** дауыстыларын салмай, шұғыл айтылуы мен араларына **ы, і** дыбыстарын қатыстырып және соларды анық қосып айту жазуға да әсерін тигізеді. Мысалы, жарқ-жұрқ етті дегендегі жарқ деген сөздің айтылуы мен Шамның сәулесі жарық екен дегендегі жарық сөзінің айтылуы бірдей емес. Алдыңғысының соңғы екі дауыссызы кілт, шұғыл айтылса, соңғыда **р** дыбысы созылық айтылады. Осы құбылыс жазуда да ерекшеленіп, жарқ-жұрқ дегенді **ы** әрпінсіз жазамыз да, сәуле беру мағынасындағы жарық сөзін **ы** әрпімен жазамыз. Осы сияқты жапырақ, қоңырау, мағына, құбылыс, үкімет деген сөздердің орталарындағы дауыссыздар кілт, шұғыл айтылмайтындықтан, араларына **ы, і** әріптері қойылып жазылады. Тек жазылуы қалыптасып кеткен яғни, сахна сияқты санаулы сөздер ғана ортасына **ы, і** әріптерін салмай, екі буын болып таңбаланады. Бұларды да орфографиялық сөздіктерден қарап жазу керек.

Сөздің соңғы буынындағы екі дауыссыздың арасындағы **ы, і** әріптерінің жазылуы немесе түсірілуі белгілі бір грамматикалық құбылысқа байланысты. Көптеген тілдерде сөз тұлғасы өзгергенде, кейбір дауысты дыбыстардың сусып түсіп қалу құбылысы бар. Қазақ тілінде де соңғы буындарында **ы, і** қысаң дыбыстары бар бірқатар сөздерді тәуелдегенде, олардағы соңғы қысаң дыбыстар сусып түсіп қалады: халық + **ы** – халқы, көрік + **і** – көркі (ажары), ерік + **і** – еркі. Бұл заңдылық **ы, і** дыбыстарының үнді (сонор) **р, л** дыбыстары мен қатаң **қ, к** дыбыстарының аралығында келген жағдайында ғана байқалады. Ал қалған сәттерде соңғы буындағы қысаң дыбыстар сусымайды, сақталып айтылады және жазылады: киім + **і** – киімі, құлын + **ы** – құлыны, ойын + **ы** – ойыны, бұрым + **ы** – бұрымы.

Соңғы буынында **ы, і** дыбыстары бар түбір етістіктерге (мұнда да көбінесе **р, л** сонорлары мен **қ, к** қатаң дауыссыздардың аралығында келген **ы, і** дыбыстары бар сөздерге) дауыстыдан басталатын жұрнақтар жалғанғанда, қысаң дыбыстар сусып түсіп қалады, бұл заңдылық жазуда да орын алады: бұйыр + **ық** – бұйрық, қорық + **атын** – қорқатын, қорық + **ыныш** – қорқыныш т.т.

Р дыбысынан басталатын бірқатар сөздердің басында (**р** әрпінен бұрын) **ы, і** әріптері жазылады да, бірқатарында жазылмайды. Бұл сөздердің саны аса көп емес, сондықтан сөздіктен қарап жазуға болады. Дегенмен бұларды ажырататын белгілердің бірі мынадай: егер сөз басындағы **р** дыбысынан кейін қысаң **ы, і** дауыстыларынан басқа дауыстылар келсе, сөз басында **ы, і** әріптері жазылмайды: рас, рай, рақмет, ресми, рәсім, рең, рет, риза, рия, ру, рұқсат, рәсуа. Ал **р** дыбысынан кейін **ы, і** қысаң дауыстылары келсе, олар сөз басында да жазылады: ырым, ырыс, ырық, ірі, іріту, ырылдау т.б.

Түбір сөздің басындағы л дыбысынан кейін дауысты дыбыс келсе, сөз басында **ы**, **і** әріптері жазылмайды (ілім деген сөзден басқасында); лақ, лаж, лас, лай, лезде, лек-лек, леп, леген, лоблу, лоқсу, лық (толды). Бұл ережеге қарап ілу, ілесу, іле-шала дегендердің жазылуын шатастырмау керек: бұл сөздердің түбірі **іл** болғандықтан, сөз басында да **і** әрпі сақталады.

И әрпі кірме сөздердегі жалаң и дыбысымен қатар (кино, икс, философ), **ій**, **ый** қосар дыбыстарын да таңбалайды. Жінішке айтылатын и-дің алдынан **і** әрпін жазбау қазақ емлесінде бірсыпыра қалыптасып, орнықты: би, тиек, киім, биік, имек, ирек, иіс, ине. Сондай-ақ **и** дыбысының жуан айтылған түрі де (**ый**) жалаң и әрпімен таңбаланады: бидай, диқан, риза, қария, иық, дария, қағида, қиын, сиыр, Сағира, Қалима.

Ій, **ый** дыбыстарын жалаң **и**-мен, сол сияқты **үү**, **ұу** дыбыстарын жалаң **у** таңбасымен беру оқыту ісінде, мысалы, сөздерді буынға бөлуде қиындық келтіретіні айтылып жүр. Тіл табиғатына қарасақ, қиын, қиық, қуыс, гуіл деген сөздер дұрысында қы-йын, қы-йық, құ-уыс, гү-уіл болып буындалуы керек, ал қазір жазылуына қарап шартты түрде қи-ын, қи-ық, қу-ыс, гу-іл деп буындап, соған қарай тасымалдап жүрміз.

Ый қосар әріптері тек тый, сый деген сөздерде ғана (олардың түбір тұлғасында да, қосымшалы түрінде де) жазылатынын негізгі ережеден ауытқу ретінде есте тұту керек: сый, сыйлық, сыйлау, сыю, сыяды, сыйды; тый, тыю, тыйылды т.т.

Рәбиға Сыздық// Қазақ емлесінің кейбір мәселелері

Түбірдің соңғы буынында жазылатын дауысты -Ы, -І дыбыстарының емлесі

Ерекше жағдай: Соңғы буынында **-ы**, **-і** дыбыстары бар кейбір сөздерге дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда, **-ы**, **-і** дыбыстары түсіп қалады.

құлық + **-ы** = құлқы

халық + **-ы** = халқы

көрік + **-і** = көркі

мүлік + **-і** = мүлкі

ерік + **-і** = еркі

қауіп + **-і** = қауіпі

құлып + **-ы** = құлпы

ғұрып + **-ы** = ғұрпы

қаріп + **-і** = қарпі

әріп + **-і** = әрпі

көңіл + **-і** – көңлі

мұрын + **-ы** = мұрны

мойын + **-ы** = мойны

қойын + **-ы** = қойны

орын + **-ы** = орны

ерін + **-і** = ерні